

## **ҚБТУ-да қашықтықтан білім беру режимінде сабақтар жүргізу және тәртіп нұсқаулығы (ҚБТ ережелеріне толықтырулар)**

1. Төтенше жағдай кезінде қашықтықтан білім беру технологияларын (ҚБТ) қолдана отырып студенттер/кадеттер, магистранттар мен докторанттарды оқыту міндетті болып табылады және сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Қашықтықтан оқыту кезінде келесі платформалар қолданылады: Microsoft Office-365 (білім алушылар мен оқытушылардың тіркелген логтары бойынша), Google class–room, Zoom, Moodle, Webex, Youtube.

2. ҚБТУ «on-line» және «off-line» режимінде қашықтықтан оқыту сабақтарын өткізумен жүзеге асырылады.  
«On-line» режиміндегі оқу сабақтары сандық технологияларды (бейнелекциялар, вебинарлар, бейнеконференциялар, интернет желісі бойынша хабарламалар алмасу арқылы) қолдана отырып, нақты уақыт режимінде оқудың өзара әрекеттестік үдерісін көздейді.  
«Off-line» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен тыңдаушының қарым-қатынасы асинхронды (электронды пошта, оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы, кейін аралық және (немесе) қорытынды бақылауды тапсыру) жүзеге асатын оқудың өзара әрекеттестік үдерісін қарастырады.
3. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау «ҚБТУ» АҚ академиялық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.  
Оқытушы білім алушының сабаққа қатысуын белгілейді және күнделікті мониторинг жүргізеді.
4. Қашықтықтан оқу сабақтарын өткізу кезінде білім алушылардың сабаққа қатысуын оқытушылар келесі параметрлер бойынша есепке алады:
  - әр білім алушының аккаунтынан сабақ бейнетрансляциясы бойынша;
  - онлайн-сабаққа қатысушылардың іс-әрекеттері туралы мәліметтер (лог);
  - оқытушының қалауы бойынша сабақтың ортасында немесе соңында жүргізілетін шағын-бақылау жұмысының нәтижелері бойынша.Қолданылатын платформада бейнетрансляция бойынша техникалық проблемалар туындаған кезде оқытушы білім алушыларға дауыстық сұрау жүргізуге міндетті.

5. Қашықтықтан оқыту форматындағы оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау жауапкершілігі оқытушыға жүктеледі.
6. Білім алушымен байланыс болмаған жағдайда, оқытушы студенттің сабақты өткізіп алуы туралы ақпаратты ҚБТУ ААЖ электрондық журналына тіркеуге құқылы.
7. Онлайн сабақ өткізу кезінде оқытушылар мен білім алушылар:
  - сырт-келбетін таза әрі жинақы ұстауға;
  - Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзатын кесіндерді (суреттерді) пайдаланбауға;
  - жұмыстың қалыпты барысын бұзатын әрекеттер жасамауға **міндетті**.
8. Білім алушылар қашықтықтан оқыту форматындағы сабақтарда тәртіп ережелерін бұзған жағдайда, оқытушы студенттің сабақты өткізіп алды деп есептеп, ал бұл жағдай қайталанған жағдайда пән бойынша "AW" баға қоюға құқылы.

Оқытушы факультет/ҒББО/мектеп деканына/басшысына/директорына университетте белгіленген тәртіп бойынша оларға тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану үшін білім алушылардың тәртіп бұзушылықтарын жеткізуге құқылы.
9. Оқытушы тарапынан мінез-құлық этикасын бұзу фактісі орын алған жағдайда білім алушы ҚБТУ Әдеп жөніндегі комитетіне жүгінуге құқылы.

2020 жылғы 8 сәуірдегі Ғылыми кеңестің №7 шешімімен бекітілген.